



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2024.18.04

Кокшетау қаласы

№ А-4/175

город Кокшетау

**Коммуналдық мемлекеттік
мекемелерді құру туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құрылсын:

«Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Қабанбай батыр ауылының мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Жоғарыда көрсетілген коммуналдық мемлекеттік мекемелердің қоса беріліп отырған жарғылары бекітілсін.

3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекемелерді әділет органдарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



М. Ахметжанов